

Қазақстандық компаниялардың инновациялық қызмет тиімділігіне әсер етуші әлеуметтік факторлар мәселесі

С. Купешова, Л. Абдраева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Түйін. Мақалада инновациялық жобаларды жүзеге асыру барысында компания қызметіне әсер етуші түрлі факторлар қарастырылған. Инновациялар – бұл компанияның әрдайым гүлденуі мен өсуіне апаратын жол. Бизнестің жаңа түрлерін жасай отырып, кәсіпкерлер қаржыландырудың жаңа көздерін тауып отырады. Бірақ осы қызмет барысында көптеген кәсіпкерлер сыртқы және ішкі орта факторларына толық мән бере бермейді. Дегенмен әлеуметтік бағытта құрастырылған инновациялық саясат өндіруші бөлімдер қызметін тұтынушылардың талабына сай қанағаттанарлық өнім өндіруге, фирманың экономикалық әлеуетін күшейтуді қамтамасыз ететін өндіріс бөлімшелерінің қызметіне бағыттай алады.

Баршаға белгілі «инновация» – ол халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ел экономикасын өсуге апаратын негізгі жолдардың бірі. Әр заманның өз мінезі, өз талабы бар. Бүгінгі дамудың жалғыз жолы – инновациялық жол. Ол – Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіру жолы деген сөз. Демек Қазақстан экономикасы ғылыми білімге, инновациялық технологияларға, жоғары білікті өндіргіш күштерге негізделуі тиіс. Атап айтқанда, табиғи ресурстарды жаңаша игеруге, оларды мүмкіндігінше республикада өңдеуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ғылыми ауқымды технологияларды барынша көп енгізуге негізделген, тұлғаның шығармашылық қабілеті мен белсенділігін қажет етпейтін шикізаттық экономикадан «өңдеуші және өндіруші» экономикаға өту деген сөз.

Рухани ынталандыру, қоғамдық көтермелеу, өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, шығармашылық еңбектің еркіндігі, ұжымдағы қалыпты психологиялық жағдай жұмыстың жаңашылдық стиліне әкеледі.

Керісінше, инновациялық өзгерістерге қарсылық тұлға статусының төмендеуіне, жұмыстан шығып кетуіне, жаңа жұмыс іздеуге, қызметтің қалыптасқан әдістерін қайта құруға, мінез-құлық стереотиптердің, қалыптасқан әдет-ғұрыптардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл факторлардың барлығы да инновациялық қызметке кері әсер ететін факторлар болып табылады.

Инновациялық қызметті қарастырғанда біз ұйым қызметінің әлеуметтік аспектілерін де ескеруіміз керек, яғни компания ішіндегі еңбек шарты, білімді басқару, біріккен ойлап табулар,

дистанциялық оқу және т.б.

Кез келген инновацияны енгізу компания персоналының қызметіне тікелей байланысты. Әдетте, инновацияны енгізу еңбек шартының, еңбек үдерісінің өзгеруіне, ұйым жұмысшылар тарапынан жақсы көзқарасқа ие болмайтын басқа да факторлардың пайда болуына алып келеді.

Тәжірибеде жиі ашық түрдегі қарама қайшылық пайда болады: бір жағынан ұйым инновациялық үдеріс тиімділігін арттырғысы келетін, екінші жағынан ұйым персоналы келіспеушілігі себебінен жаңа заманға өте қажет инновациялық саясатты толығымен сақтап қала алмай қауіпі туындайды. Бірақ бұл қарама қайшылықпен күресуге болады.

Кадрлық саясатты жүргізу кезінде инновациялық үдерісте маңызды орын алатын әлеуметтік, адамдық ресурстарға талдау жүргізу қажет. Бірақ компанияда инновацияларды енгізу барысында туындайтын келіспеушіліктерді жою күрделі үдеріс, бұл тұста бірнеше қиындықтар тууы мүмкін.

Біріншіден, компаниядағы эксперттер және зерттеушілерге басқару саласында жалпы мәселеден инновациялық кадрлық мәселені бөлу қиынға түседі.

Екіншіден, белгіленген әлеуметтік өзгерістер әрқашанда масштабты емес және статистикалық өлшенбейді. Келіспеушіліктер инновацияның әлеуметтік салаға әсері онша маңызды емес болып көрінеді және оны тек сапалы әдістерді қолдану арқылы ғана анықтай аламыз.

Үшіншіден, көптеген менеджерлер инновациялық жобаны басқару барысында, оның нәтижесін бағалауда экономикалық тиімділікке көп көңіл бөлу себебіне байланысты әлеуметтік өзге-

ріске онша мән бермейді. Нәтижесінде инновациялық жоба табыссыз аяқталуы мүмкін.

Инновациялық үдерісті зерттеудегі негізгі бағыт – олардың жүзеге асуы үшін нақты факторларды анықтау. Көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша заманауи ұйымдардың ішкі және сыртқы ортасы жылдамдықпен өзгеріп отырады. Мысалы, ұйымдарды терең әсерлендірген инновациялар – компьютерлік, лазерлік, микротолқынды, жартылай желілі технологиялар, спутниктік байланыс, атомдық энергетика, гендік инженерия болып табылады. Кәсіпкерлер ұйым алдына қойған инновациялық мақсаттарға жету үшін ішкі орта мәселелеріне көп көңіл бөліп, сыртқы ортаға бейімделіп, дер кезінде жауап қайтара білуі керек.

Мысалы Hewlett-Packard компаниясы басшыларының талабы бойынша зеріттеулер мен құрастырулар бөлімінің қызметкерлері тұтынушылармен жиі кездесіп отырады. Осы кездесулер кезінде ғылыми қызметкерлер тұтынушылар-


дың талабын, сұранысын, компанияның жаңа технологиялары туралы ойларын біліп отырады. Осы кездесулердің арқасында компания инновациялық үдерістерге кері немесе оң әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіншілік алады.

Инновациялық үдерістің дамуына оң және теріс әсер ететін кейбір факторларды атап көрсетуге болады (1-сурет) /1/.

Экономикалық факторлар:

Инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қажетті ақша қаражаттарының қаржылық резервтердің, материалдық-техникалық құралдардың бар болуы, қосымша мемлекеттік қолдау жүйесінің, инновациялық қызметті кеңейту жүйесінің даму дәрежесі, инновациялық үдеріске қатысушылардың экономикалық тиімділігінің болуы мүмкіндігі.

Технологиялық факторлар – шаруашылық және ғылыми-техникалық инфрақұрылым үшін қажетті ғылыми-техникалық базаның, резерв қуатының, прогрессивті технологиялардың болуы.



1-сурет. Инновациялық үдерістің сыртқы ортамен өзара қатынас моделі

Саяси-құқықтық факторлар. Инновациялық қызметті қолдауға арналған заңдық шаралар, инновацияны мемлекеттік қолдау, монополияға қарсы, салықтық, амортизациондық, патенттік лицензиялық заңдар. Патенттік-лицензиялық заңдар дамуымен интеллектуалдық меншік объектерін реттеу мүмкіндігі мен дамуы байланысты. Интеллектуалдық меншік құқығын қорғау инновацияны енгізуден алынған пайдалылық тиімділігі деңгейіне әсер етеді.

Ұйымдық-басқарушылық факторлар.

Ұйымдық құрылымның икемділігі, басқарудың демократиялық стилі, көлденең ағымдағы ақпарат көптігі, өзін-өзі жоспарлау, түзетулер енгізу, орталықсыздандыру, мақсатты мәселелі топтарды құру – осының бәрі инновациялық үдерістердің дамуына оң әсерін тигізеді. Қалыптасқан ұйымдық құрылым, аса орталықтандыру,

басқарудың авторитарлы стилі, тік ақпараттың көптігі; қалыптасқан нарыққа бағытталу; қысқа мерзімді өтемділікке бағытталу, инновациялық үдеріске қатысушылардың ортақ мүддесін табу қиындықтар инновациялық үдеріс дамуын тежейтін факторлары болып табылады. Ұйым құрылымы неғұрлым икемді, қарапайым болған сайын инновациялық өнімді өндіру жобасы барысында шешім қабылдауда тез жүзеге асырылады. Егер ұйым құрылымының күрделілігі себебінен инновациялық үдеріс баяуланатын болса, онда инновациялық өнім идеясы моральды түрде ескіруі мүмкін.

Әлеуметтік-психологиялық және мәдени факторлар. Рухани ынталандыру, қоғамдық көтермелеу, өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, шығармашылық еңбектің еркіндігі, ұжымдағы қалыпты психологиялық жағдай жү-

мыстың жаңашылдық стиліне әкеледі. Мәселен, интеллектуалды дамыған қоғамда инновациялық өнімдерді ойлап табу мен жасау оңай. Сондықтан да инновациялық қызметтердің дамуына білім мен ғылымның дамуы тура әсер етеді.

Керісінше, өзгерістерге қарсылық статустың өзгеруіне, жаңа жұмыс іздеуге, қызметтің қалыптасқан әдістерін қайта құруға, мінез-құлық стереотиптердің, қалыптасқан әдет-ғұрыптардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл факторлар – инновациялық қызметке кері әсер ететін факторлар.

Жоғарыда атап кетілген факторлардың бәрі кез келген инновациялық үдерістерді жүзеге асыру барысында кездесуі мүмкін. Осы факторлардың оң әсерін тиімді бағалап, дер кезінде пайдалана білу, кері әсер етуші факторлардың әсерін төмендету

Мысалы, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өсер жасқа тұрақты назар аударып, олардың болашақта ата-аналарының ізін басып, темір жол көлігінің қалыптасуына үлкен үміт қосады деген сеніммен қамқорлық көрсетіп келеді. Компанияда теміржолшылардың балаларына арналған «Мен болашақ теміржолшымын» атты фото конкурс, «Болашақ» балалар суреттерінің байқауы, қолөнер көрмесі, «Астана арман қала», атты теміржолшылардың балаларының фестивалі өткізіліп тұрады. Балалардың жазғы каникулына байланысты жазғы демалыс, түрлі Жаңа жылдық шаралар ұйымдастырылады.

Компанияда «Менеджмент жобасы» жастардың бойындағы инновациялық идеялар, жетекшілік және кәсіби шеберліктерін шыңдауға арналған. Оны жүзеге асырудың механизмі жастардың аймақтық және республикалық форумдарында анықталған үздік жобалардың тұсаукесері өткізіліп болашақта жергілікті жерде өндіріске енгізіледі. Бұл жоба жастардың өзіндік жобасын білікті түрде жоспарлауына, басқаруына, ұсынуына, дайындауына тың мүмкіндіктер ашады. Оның барлық ұйымдастыру шараларын «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы міндетіне алып отыр. Үздік жобалардың авторлары Астанадағы Республикалық Жастар форумдарында жобаларын сынақтан өткізеді. Үздік қанатқақты жобалар компания тарапынан қаржылық қолдау көреді.

«Болашақ басқарушылар» жобасы жастардың жоспарлау, әріптестік, өндірістік, логистикалық, маркетингтік, экономикалық, қаржылық басқарушылық сапасын дамытады. Форумды ұйымдастырушылардың іріктеуінен өткен 10 үздік жоба Астана өткізілетін Республикалық Жастар форумына шығарылады және «ҚТЖ» ҰК» АҚ есебінен шетелде біліктілігін көтеруге жіберіледі.

Сондай-ақ, сегіз үздік жас маман Грецияның Родос қаласында қазанның 3-11 аралығында өткізілген «Өркениет диалогы» әлемдік қоғамдық қорының жастар форумына қатысты.

2011 жылы жастардың әлеуметтік «Система4» «Ақпараттық Инновациялық Идея Инкубаторы» арнайы автоматтандырылған жүйесін енгізілген. Жалпы жүйелік интернет орта «ҚТЖ» ҰК» АҚ жас мамандарынан түскен инновациялық және өнертапқыштық идеялар мен ұсыныстар бойынша мәліметтерді жинау, жүйелеу, өңдеу, сараптаумен айналысады. Бұл жүйе арқылы инновациялық жобаның шешім қабылдауы, оған назар аудару, компания қызметкерлері арасында талқылау секілді кезеңдерінен өткізіледі. Жүйе ақпараттық технологияның озық үлгісін пайдалана отырып идеяның жылдам, ашық жүзеге асырылуына нақты қолдау көрсетеді. Идеялық жобаны қарау мерзімі едәуір қысқарады. Сонымен қатар компания қызметкерлері арасында «ҚТЖ менің әлемім» интерактивті желісі құрылады.

Аталмыш жобалар арқылы компания болашақ басқарушыларды жасақтайды. Кадрлық қорын нығайтады. Компанияны нығайтуға бағытталған инновациялық және серпінді жобаларға қолдау білдіреді.

Кез келген компанияның жұмыс сапасы еңбек ресурстарының сапалылығына тікелей байланысты. Сондықтан да компания өзінің басым бағыттарының бірі ретінде жас мамандарға қолдау көрсету мен біліктілігін көтеруді мақсат етіп отыр.

Қорыта келсек, инновациялық қызметке әлеуметтік аспектілердің әсері үлкен. Персонал инновациялық жобалардың жүзеге асуы үшін маңызды орынға ие. Кез келген инновациялық жоба сол персоналдың қызметіне байланысты, бұл жерде тек наватор ғана емес бүкіл персонал қатысады. Инновациялық қызмет мақсатына жету үшін басшылық сол персоналды ынталандырса ғана және оларға әлеуметтік аспектінің қандай маңызды екенін түсіндіріп адал қызмет етуіне шақырса ғана компания жетістікке жетеді.

Әдебиеттер

1. Купешова С.Т. Инновациялық менеджмент: Оқулық. – Алматы: ЖСШ РПБК «Дәуір», 2011. -256бет.
2. Тургинбаева, А.Н. Инновации и риски: Учеб. пособие /А.Н. Тургинбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.- 118 с.
3. Донова И. Социальные аспекты инновационной деятельности предприятий. - М.: ИСИТО, 2007.
4. www.railways.kz , Әлеуметтік саясат.

С. Купешова, Л. Абдраева

Проблемы социальных факторов, оказывающих влияние на эффективность инновационной деятельности казахстанских компаний

Важное направление в изучении инновационных процессов – выявление реальных факторов, способствующих или препятствующих их осуществлению. Предприниматели должны знать об изменениях внешней среды и быть в состоянии эффективно реагировать и приспосабливаться к этим изменениям, чтобы обеспечить выживание и достижение поставленных инновационных целей.

S. Kupesheva, L. Abdraeva

Problems of social factors influencing the effectiveness of innovation Kazakh company

An important trend in the study of innovation processes - revealing the real factors that help or hinder their implementation. Employers should be aware of Amendments to the environment and be able to effectively respond and adapt to these changes to ensure the survival and the achievement of the objectives of innovation.

Инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі механизмі ретінде**Ж.О. Тұмбай, М. Құмарбекұлы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Түйін. Аталған мақалада инновациялық экономиканың негізгі механизмі ретінде инновациялық инфрақұрылымның маңызды сұрақтары қарастырылған. Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруды әр бір мемлекет өзінің ұлттық инновациялық инфрақұрылымына үлкен мән береді. Инновация бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.

Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда әрбір мемлекет өзінің ұлттық инновациялық жүйесі мен инновациялық инфрақұрылымының дамытуға басымдық беріп отыр. Өйткені ұлттық экономикасы қалыптасқан және дамыған елдердің тәжірибелеріне сүйенсек, олардың жеткен жоғары жетістіктеріне инновациялық инфрақұрылымның оңды әсер еткенін байқаймыз. Олардың әлемдік нарықтағы үлесі де қомақты. Сондықтан да, дамыған елдердің қатарына кіруге талпыныс білдіріп отырған Қазақстанның өзінің мүмкіндіктері мен стратегиялық мақсаттарына сай ұлттық инновациялық жүйесі мен инфрақұрылымын дамыту өзекті мәселе болып отыр.

Инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі нұсқаулығы және механизмі болып табылады. Аталған фактор елдің экономикасын өте жоғары деңгейге көтере алады. Осындай түсінікке байланысты, біз инновациялық инфрақұрылымды өзара байланысты, бірін-бірі толықтыратын өндірістік-техникалық жүйелер, ұйымдар, фирмалар және инновациялар мен инновациялық қызметтерді тиімді жүзеге асыру қажет тиісті ұйымдастырушылық-техникалық жүйелер ретінде көреміз. Инновациялық инфрақұрылым ел экономикасының даму қарқынын жылдамдығын және оның тұрғындарының әл-ауқатының өскенін

алдын ала анықтайды. Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі әлемдік рыноктағы ғаламдық бәсеке жағдайында инновацияларды жасайтын және жүзеге асыратын дамыған инфрақұрылымы, инновациялық қызметтің біршама тиімді механизмі бар ел экономикасының ұтатындығын көрсетті. Сондықтан елдің инновациялық экономикасы тиімді жұмыс жасау үшін инновациялық инфрақұрылым функционалды толық болуы тиіс.

Әлемдік экономиканың қарқындап дамуы – адами және интеллектуалдық ресурстардың нәтижелі еңбегінің жемісі екені белгілі. Қазіргі заман талабына сай дамыған елдерде тиімді әзірлемелер жүйесі және түрлі қызмет сфераларына жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге негізделген инновациялық экономикаға өту үрдісі байқалады. Сонымен бірге, табиғи ресурстардың молдығын пайдалану маңызды болған дәуір өтіп барады, оның орнына экономиканың технологиялық тұрғыдан дамуын тездету, үдету мақсатында тиімді тетіктерді қолдану мүмкіншілігі үлкен мәнге ие болып отыр. Арзан, сапасы төмен еңбекке негізделген өндіріс кезеңі аяқталуда. Дәл қазіргі қоғам – адамның интеллектуалдық ресурстарына, оның инновацияларды қабылдауы мен жүзеге асыру қабілетіне негізделген қоғам болып қалыптасуда.

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамта-